

Қазақ тілінен «Баланап», «Ромашка» ересек топтарына
арналған психограммасы
мұғалімі Дидар Жумағазысұлы

Қыркүйек айы

ҰҚ	Қазақ тілі 5.7.09.2023
<i>Міндеті</i>	Міндеті: Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып тыңдауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға және дұрыс айтуға үйрету. Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ, і, г, н, һ дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Тәрбиеленушілерге қазақша амандасуға үйрету. Жаңа сөздермен таныстырып, сөзде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстардың айтылуына мән беру. Жаңа сөздерден сөз тіркесін құрастырып айтуға үйрету. Сөздер: Балабақша, әже, іні, ая, көз
Корнектіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, үлестірмелі карточкалар
Мотивациялық-қозғаушылық	Атамнан басталар, Әжеммен қосталар, Отбасым мыналар; Ең жақын адамдар Бәрің жақсы көремін Еркелеймін, еремін!
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен сәлемдесу, отбасы мүшелері туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сәлемдесу, амандасу, отбасы туралы әңгімелесеміз. Ал, балалар ендіше бірі-бірімізбен сәлемдесің көрейік. «Сәлем», «Сәлеметсіздер ме!» -«Сәлеметсіз бе» сөз ізеттілікті білдіреді. -Балалар, біз бүгін сәлемдесудің әдептіліктің бастауы екенін білдік. Бүгінгі біздің тақырыбымыз өз отбасымыз туралы болмақ. - Балалар, қараңдаршы, мен бүгін сендерге қандай сурет әкелдім. (суретті стелке іледі). - Балалар, суретте кімді көріп тұрсыңдар? - Олар не істеп отыр? - Ал, бұл суретті қалай атауға болады? Неліктен? - Ия, дұрыс айтасыңдар. Жақсы. - Иә, бұл суретте сүйіспеншілігі мол, бір - біріне ыстық ықыласпен, аялы сезіммен қарап отырған дастархан басындағы отбасы мүшелерін көріп отырмыз. Барлық үйдің өз отбасы болады олар бір - бірімен тату - тәтті тұрады. Енді біз балалар ортаға шығып ойын ойнайық Бой сергіту: Тербелді ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп – кішкентай балалар, Үп – үлкен боп өседі. Ойын: " Көңілді доп" шарты: тәрбиеші допты балаға лақтырып сұрақ қояды, ол қағып алып сұраққа жауап береді. - Отбасы мүшелерін ата. (жаңа танысқан сөздерді кезек-кезек айтқызу.)
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып айтады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 5.09.2023 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева